



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Оның педагогикалық идеяларын облыстың үздік мұғалімдері пайдаланады, өлеңдері мен прозаларын халық жақсы көреді. [8, б. 4]

Қорыта келе, Спандиярдың қайсы бір идеяларын алсақ та, жаңа кезеңмен астасып жатқандығын көреміз. XX ғасырдың басындағы демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының беделді көшбасшысы қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шыңдығы дәлелдеп отыр. XXI ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани – этикалық басымдылық негізінің шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы, адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік – кәсіптік және конфессионалды топтардың жан – жақты қажеттіліктерін, сондай – ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет. Осы бағытта Ыбырай мен Спандиярдың игілікті істерін барынша қолдап, оны еліміздің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық үлгісі ретінде пайдалану, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабына айналып отыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Спандияр Көбеев [Мәтін]: өмірі мен жазушылық қызметі / С.Қирабаев. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. 160 б.
2. Байсарина Р., Көпешов Б. Ғұламаның педагогикалық, методикалық мұралары [Мәтін]: [Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл] / Р.Байсарина, Б.Көпешов // Қостанай таңы. 1991. 17 қазан. 4 б.
3. Таңдамалы шығармалары [Мәтін] / С.Көбеев; құраст. С.Қирабаев. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1966. 296 б.
4. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры [Мәтін] / М.Қозыбаев; [құраст. І.Қозыбаев]. Алматы: Қазақпарат, 2009. 540 б.
5. Қирабаев С. Спандияр Көбеев [Мәтін]: [Алаштың ардақтысы] / С.Қирабаев // Егемен Қазақстан. 2003. 17 қазан. Б. 3
6. Қалың мал [Мәтін]: [роман] / С.Көбеев // XX ғасыр басындағы әдебиет: [хрестоматия] / құраст. Қ.Ергөбек. Алматы, 1994. Б. 158-220
7. Меңдібай С. Орындалған арман [Мәтін]: педагог-жазушы Спандияр Көбеев туралы толғау / С.Меңдібай // Әлім Қ. Терең тамыр: тарихи – этнографиялық хикаят / Қ.Әлім, С.Меңдібай. Астана, 2009. Б. 72–82
8. Ілияс Б. Меңдіқарадағы мерейтой [Мәтін]: [С.Көбейұлы туғанына 115 жыл] / Б.Ілияс // Егемен Қазақстан. 1993. 13 шілде. 4 б.

ӘОЖ 37.034

### БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

*Мурзағалиева Салтанат Дамировна  
Джунусова Гулжазира Жомартовна  
«Рудный қаласы Бейімбет Майлин атындағы №7  
мектеп-гимназиясы» Қостанай облысы  
Бастауыш сынып мұғалімдері  
Рудный қаласы, Қазақстан  
E – mail: murzagalieva\_saltanat@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Автор мақала мазмұнында педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметке қосқан үлесін тілге тиек етеді. Бастауыш сыныпта шағын әңгімелері өміршең деп тәжірибесін бөліседі. Шағын мәтіндері қарапайым, тілге жеңілдігі оңтайлы тәжірибесінен көрінеді. Ұстаздың мұрасын жаңа білім беру мазмұнында түрлендіріп, жаңғырту маңызды деп ой тастайды. Спандияр Көбеев пен Ыбырай Алтынсарин идеясының сабақтастығын сөз етеді.*

*Кілтті сөздер: Педагог, рухани, жаңашыл, тәрбие, инновация*

#### Аннотация

*Автор статьи отмечает вклад Ибрая Алтынсарина в просветительскую деятельность как поэта, педагога и писателя. В начальной школе мини-рассказы считаются жизнеспособными. Небольшие тексты отличаются простотой, легкостью языка. Важно преобразить наследие учителя в новом образовательном содержании, сделать его актуальным. Речь идет о преемственности идей Спандияра Кобеева и Ибрая Алтынсарина.*

*Ключевые слова: педагог, духовный, инновационный, воспитание, инновация.*

### Abstract

*In the content of the article, the author mentions the contribution of teacher, poet, educational writer IbrayAltynsarin's work. He shares his experience in short stories in primary school. Short stories are simple, easy to use language, which is evident from the optimal experience. He thinks that it is important to transform and modernize the heritage of the teacher in the new educational content. SpandiyarKobeev and IbrayAltynsarin talk about continuity of ideas.*

**Key words:** *Teacher, spiritual, innovator, education, innovation*

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жазушысы, қоғам қайраткері. «Даланың алып қоңырауы» атанған ағартушының мұрасы ұстаздар қауымының мәңгі ескіrmес рухани серігі ретінде күнделікті оқу – тәрбие ісінің мазмұнына айналды. Оның қалдырған мұрасы бүгінгі күні өміршеңдігімен біздің мектебіміздің де игілігінде іске асуда. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеев әңгімелерінің бір-бірімен үндестігін ортаға салғым келді. Кітапханадан ізденіс үстінде Спандияр Көбеевтің кез-келген туындысынан оның ағартушылықты мақсат тұтқан ниетін айқын аңғаруға болады. [4, б. 23-26] Спандияр Көбеев бүкіл саналы ғұмырын оқытушылыққа арнады. Жазушының балаларға арнаған мысал өлеңдері мен әңгімелерінің басты нысанасы осы мақсатпен тығыз байланысты.

Қаламгердің бала психологиясын жете меңгергендігін аудармалары да, төл туындылары да танытады. Ыбырай мектебінде оқыған, оның хрестоматиясы үлгісімен еңбек жазған, қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымының жолын қуған Спандияр Көбеевті балалар әдебиетінің анық қамқоршысы демеске еш негіз жоқ. Ыбырай Алтынсарин шығармашылығынан Спандияр Көбеев еңбегінің ерекшелігі сол, ол қазақ балалар әдебиетіне мысал жанрын саналы түрде енгізді, мысалдарды өлеңмен де, қарасөзбен де аударды, бала ұғымына лайықтап жазды. Ыбырай атамыздың «Бұл кім?», «Өнер-білім бар жұрттар», «Ананың сүюі», «Өзен», «Түлкі мен қарға» өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп өлең оқыса, екіншісі Ыбырай әңгімелерінен «Асыл шөп», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Жаман жолдас», «Бақша ағаштары» үзінділерін көріністермен көрсетті. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеясы балаларды ұқыптылық пен сабырлылыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі идеясы болып табылады. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында адам санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

Өзімнің тәжірибемде «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта» әңгімесі арқылы жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды шәкірттеріме үлгі қылумен келемін. Көбеев Спандияр мысалдары өлеңмен де, қарасөзбен де жазылған. [6, б. 25–28] Олардың арасында идеялық, тақырыптық, тіпті сюжеттік тұрғыда бір-біріне ұқсас келетіндері де бар. Мәселен, ақынның өлең түріндегі «Арыстан мен тышқан» және қарасөзбен жазылған «Құмырсқа мен көгершін» мысалдарының сюжеттері ұқсас. Екеуінде де хайуанның мүшкіл халге түсуі бар және оған ойламаған жерден берілетін көмек бар. Ол көмек - бір кездегі жақсылықтың өтеуі. «Арыстан мен тышқан» мысалында әлеуметтік астар айқын. Мұнда әлдінің әлсізді өзіне тең көрмеушілігі айтылады.

Автор «нашарды күшті кісі көңіліне алмас, теңгеріп өз бойына асыл жүрмес» дейді. Арыстан «кезі келгенде көмек берем» деген тышқанды келеке қылады. Күндердің күнінде аңшы торына ілігіп, халі мүшкіл болады. Бұл жерде Ыбырай Алтынсаринның ықпалы айқын сезіледі. Өйткені өлеңмен жазылған мысалдарының көпшілігінде ақын құдайды ауызға жиі алады. Тышқанды қоя бергеннен кейін автор «Бұл дүние бірде олай, бірде бұлай, жаратқан ризық беріп жанды құдай» дейді. «Құмырсқа мен көгершін» мысалында болғанды баяндау ғана бар. [5, б. 6–7] Суда ағып бара жатқан құмырсқаны көгершін құтқарса, кейіннен сол құмырсқа көгершінді аңшының ауынан құтқарады. Мысал сюжеті жасы кіші балаға түсінікті.

Жазушы қорытынды жасауды баланың өзіне қалдырады. Табиғаттағы тірлік суреттеледі. Түйіні: «тіршілік көзі - өзара көмек». «Ат пен есек» мысалында жүгі ауыр есекке ат жәрдем етпейді. Иесі жолда зорығып өлген есектің барлық жүгін оның терісімен қоса аттың үстіне артады. Ат өз қателігін кеш түсінеді. Сөйтіп, автор қайырымсыздықтың соңы неге апаратынын көрсетеді. «Құмырсқа мен көгершін» мысалында болғанды баяндау ғана бар. Суда ағып бара жатқан құмырсқаны көгершін құтқарса, кейіннен сол құмырсқа көгершінді аңшының ауынан құтқарады. Мысал сюжеті жасы кіші балаға түсінікті. Жазушы қорытынды жасауды баланың өзіне қалдырады. Табиғаттағы тірлік суреттеледі. Түйіні: «тіршілік көзі - өзара көмек». «Ат пен есек» мысалында жүгі ауыр есекке ат жәрдем етпейді. Иесі жолда зорығып өлген есектің барлық жүгін оның терісімен қоса аттың үстіне артады. Ат өз қателігін кеш түсінеді. Сөйтіп, автор қайырымсыздықтың соңы неге апаратынын көрсетеді. Ақынның қара сөзбен жазылған әңгімесі 24 шақты. С.Көбеевтің «Екі соқа» кітабында төл әңгімелері ретінде 7 әңгімесі берілген, олар: «Қайырымды бала», «Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Атасы мен немересі», «Балалар мен мұғалім», «Өсиет», «Құстың ұясы», «Шал мен балалар». Қайырымсыздыққа - қайырымдылық, аяушылық, адамшылық, босөзділікке – еңбек, сенімсіздікке сенімділік қарсы қойылады.

Өз мінін білмеушілік, айлакерлік, қолдағыны місе тұтпаушылық, тойымсыздық, сатқындық, арамдық, мақтанқұмарлық сыналады. [4, б. 15-16] Оқу-білімнің артықшылығы, өз ісін жетік білушілік, сөзге тоқтаушылық дәріптеледі. С.Көбеевтің өлеңмен жазған мысалдарынан қара сөзбен жазғандарының бір ерекшелігі, бұларда бірлік, ынтымақтық тақырыбынан өзгелері қайталанбайды. С.Көбеевтің «Жарлы мен бай», «Қайырымды бала», «Атасы мен немересі», «Құстың ұясы» мысалдары қайырымдылықтың үлгісін көрсетеді. Бір кезде өзін таспен атып қуған, кейін кіріптарлыққа түскен байға кедей аяушылық білдіреді. Ең өзекті тақырып - еңбек. «Екі соқа» әңгімесінде күні бойы еңбек еткен соқа еңбексіз, бос жатқан соқаға «егер сен де жұмыс қылып михнаттансаң, мендей жарқырап тұрар едің» дейді. Тот басқан соқа жалқаулығынан зардап шегеді.

Балаға «жалқаулық адамды аздырады» деген ой ұсынылады. «Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Өсиет» әңгімелері астың дәмді болуы еңбекке байланысты екендігін білдіреді. Еңбектен кейінгі маңызды тақырып - оқу мәселесі. Еңбек еткен адам сияқты оқу білген адам да ұтады. «Егер оқи білмесеңдер, кітап сендерге неге керек, бұл кітапты мен алайын, қай бұрын оқи білгеніңе берермін» дейді мұғалім балаларға. Демек «Балалар мен мұғалім» әңгімесінде оқу да, оқу көзі - кітап та қастерлі. [8, б. 27-29] «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» мақалын «Сауысқан мен қарға» мысалы дәлелдейді. «Көп сөйлеген кісінің сөзінің жартысы өтірік болады» деген қарғаның мерейі, әрине, шықылықтаған сауысқаннан үстем. «Қоян мен көлбақалар» мысалындағы «Менен де қорқатын жәндіктер бар екен, бекер өлмейін» деген қоян шешімі әр жәндіктің бекер жаралмағандығын аңғартады. Өз тұлғасына, іс – әрекетіне, мінез-қасиетіне сенімсіздік құптарлық емес. Құптарлығы – тәубаға келушілік. Үлкенді құрмет тұту қажеттігі «Шал мен балалар» әңгімесінде еске түсіріледі. Сөзге тоқтау да – басты қасиет. Өзін келемеж қылған балаларға мысқыл сөзбен жауап қайырған шал да, өз қателіктерін түсініп ұялыс тапқан балалар да белгілі бір тұжырым жасауға жетелейді. Жануарлардың, аңдардың бір-бірімен өзара айтысы - көне заман шығармаларынан, халық ертегі-аңыздарынан келе жатқан үрдіс. Әр заттың өз орны, өз қасиеті бар. Әрқайсысы өз орнында жақсы. «Айтыс» әңгімесінен көрінетін аталмыш ой «Қаз» деп аталатын мысалдан да қылаң береді. «Арыстан, есек және түлкі», «Түлкі мен қырғауыл» мысалдары зорлыққа да амал, айлаға да айла бар екендігін көрсетеді. «Өз үйірін сатқан орынсыз қалар» деген мақал – «Көгершін мен этеш» мысалының түйіні. Істің мәнін, түсінбеушілік, ақымақтық «Қасқыр мен кемпір» мысалында сыналады. Қашан да мақтанқұмарлық іске зиянын тигізеді.

«Қарға мен көлбақа» мысалында қарға көлбақаның өзін мақтағанына масаттанып есіреді. Мақтаншақтық пен даңғазалық екеуі – егіз. [9, б. 38-39] Мәселен, «Кедей мен қоян» мысалындағы кедей де қолындағысынан айрылып қалады. Міне, мақалаға ізденіс үстінде екі педагог-жазушының да идеясы бірдей деп түсіндім. Ал, Ыбырай Алтынсариннің «Талап етіп талпынбаса, адам баласы алға баспаған болар» деген даналық сөзі де жаңартылған білім мазмұнына дөп келіп отыр. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай кейіпкердің талабының арқасында елге танымал болғанын мысалға келтіре отырып, бұл арадағы көздегені - жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу еді. Иә, ағартушы айтқан талап дәл қазіргі уақытта оқушыларымызға ғана емес, ұстаздар қауымына да аса қажет-ақ. Ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де, «Кел, балалар оқылық» деген қанатты сөздерімен халық жүрегінен ойып тұрып орын алған ағартушы, демократ, педагог Ыбырай Алтынсариннің болашақтан күткен үміті бүгінгі күні жүзеге асып отыр. Сондықтан өзімнің пайымдауымды бір саралап көрейін деп шештім.

Біріншіден, Ыбырай Алтынсариннің еліне сіңірген еңбегі қазіргі таңда, мектеп жасынан үш тілді игеруге сауатты және жоғары білікті маман болуға шақыратын Н.Ә.Назарбаевтың үндеуімен үндесіп отыр. Осы баяндамамды жазу барысында бұған да дәлел таптым. Орыс оқымыстысы Н.Ильминский қазақтардың ортасында қазақ тілін үйреніп алыпты. Ол өзінің «Алтынсарин туралы естеліктер» атты кітабында «Мен оған шын ықыласыммен берілдім, орыс тілінің қазақтар үшін де керек екенін алғашқы сезінгендердің бірі болды» деп жазған екен. Ағартушының арманы тіл тазалығы болса, қазіргі таңда ол арманы жүзеге асты.

Осы орайда ұстаздың ізбасары ретінде ертеңгі күннің бәсекеге қабілетті шәкірттеріне ағылшын өзге тілін үйретуде тамшыдай болса да үлесімді қосу міндетім деп есептеймін. Қазіргі таңда өзімнің тәжірибемде ағартушының басқа тілді үйретуде «Әуелі зат есімге ғана жататын зат аттарын үйретемін, содан соң сын есімді үйретемін, осыдан кейін ғана зат есімді сын есіммен қосып, адам сияқты сөйлем құратып үйретемін» деген даналық сөздерін өзімнің педагогикалық ұстанымыма айналдырып алғанмын. Міне, Ыбырай ата осыған қарағанда көптілділікті ертеден болжаған секілді. Ендеше, бұл арманын неге орындамасқа? Өз ойым бойынша Ы.Алтынсаринді ұлттық мектептің негізін қалаушы деп білемін. Өйткені ұстаздың ұранымен біздің ұлтымыз сауатын ашып, қазіргі таңда ұлттық мектептер дамып келеді.

Ұлы ағартушының мұрасы біз үшін таусылмас қазына саналса, оның әрбір еңбегінен шәкірттеріміз рухани тілектеріне жауап табады, нәр алуда. Бала жанының зергері Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеясы балаларды ұқыптылық пен сабырлыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Дана ағартушының жұрт назарын аударған тұнып жатқан қазынасының бір бөлігі мейірімділік тақырыбы. «Ұшпақтың күн сәулесі жерге түсіп», «Аспаннан рақымменен күн төнгенде», «Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша, жайқалып шыға келер жердің гүлі», «Кеш болса, күн қонады

таудан асып, шапаққа қызыл алтын нұрын шашып», т.б. бейнелі сөздерін шәкірттерім шығарма жазу барысында кеңінен қолданып жүргеніне куә болып жүрмін.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі идеясы болып табылады. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында адам санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Өзімнің тәжірибемде «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта» әңгімесі арқылы жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды шәкірттеріме үлгі қылумен келемін. Иә, ағартушы айтқан талап дәл қазіргі уақытта оқушыларымызға ғана емес, ұстздар қауымына да аса қажет – ақ. Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеясында халықты ағартуда, біріншіден, надандықпен күресу қажет деген ой басым. Мысалы, «Бай мен жарлы баласы» атты әңгімесінде жазушы бай баласы Асан мен кедей баласы Үсенді бас кейіпкер етіп ала отырып, әлеуметтік мәні зор ірі мәселеге назар аударады. Баланың қалыптасуына орта мен отбасының әсер-ықпалын ашып көрсету арқылы мән-маңызы үлкен қорытынды жасайды. Ағартушы Ыбырай Алтынсарин білім берудің түпкілікті мақсаты ретінде өлкенің рухани дамуы ғана емес, экономикалық дамуын көрді. Ағартушының ойынша, мектеп өз құрылымы бойынша жаңа мәдени өмірдің, жаңа дәстүрлердің, тәртіптің, өнердің үлгісі болуы тиіс. Әрине, бұл қазіргі таңда біздің мектебімізде жүзеге асып отыр. Еңбек, ізгілікке ұмтылу адамгершілік адамға лайықты өмірді қамтамасыз ететінін Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» деген әңгімесіндегі мысал арқылы дәлелдейді. Бүгінгі күні Ыбырайдың тәрбиелік мәні зор әңгімелері әр сабағымызда біздің рухани санамызды өсіріп, шәкірттерімізге жақсы мен жаманды айыра білуге үйретті. Үйретіп қана қоймай, барлық өмірінің мәніне айналды. Олай деу себебім «Ата-анаң қартайса, демеу болар бұл-оқу» деп ата-анамызды тек білімді болсақ қана асырай алатындарын түсіндіріп кетті. Әрине, осындайда, оқу оқымасаң, ата-ананды асырай алмайсың ба деген сұрақ туындауы әбден мүмкін. Әрине, асырайсың бірақ білімді болсаң, ой-өрісің кеңейіп, адамгершілігің арта түседі емес пе? Оның пікірінше алған біліміміз болашақта елімізді дамытуға пайдасын тигізу керек. Иә, бүгінгі күні ұлт ұстазының арманы түгелдей дерлік орындалған секілді. Өз алдына ұлттық мектептер кеңейіп, білімімізді кеңейтіп, бәсекеге қабілетті бола алатын шәкірттері көбейді. Мен де ағартушының ізбасарымын. «Білім ғана жүрекке шырақ жағар» демекші, кез-келген бәсекеге тек білім арқылы қарсы тұра аламын. Бүгінгі таңда ұстаздың еңбек туралы шығармалары маңызын жойған емес. Қайта мол мұрасы мектеп игілігіне жарап, бізді терең біліммен сусындатып келеді дегім келеді. Қазіргі таңда жоғарыда сөз еткенімдей, ұстаздың еңбек тақырыбы мектебіміздің өмірінде әрбір әріптесімнің тәжірибесінде өніп, бала тәрбиелеу құралына айналып отыр.

Қай шағын әңгімесін алып қарасаңыз, өзектілігі кейіпкерін еңбекке шақырып отырады. Иә, ұстаз шығармаларына қарап, тәрбиеші деп те тұжырым жасадым. Өйткені, шағын әңгімелерінің мазмұнының ұтымдылығы уақыт үнемдей отыра, оқырманына ақыл-ой салады. Айналаңа зер сал, жәндіктердің өзі де еңбек етіп, тіршілік үшін күреседі деп, оқушы санасына ой тастайды. Сондықтан жаңартылған білім аясында еңбек тақырыбын дәріптеуде күш-жігерімізді аямағанымыз абзал деп ұғынамын. Ең бастысы бұл оқушыға бойтұмардай ой салып, өмірден өз жолын табуға үлесін қосады. Қай сынып оқушысы болмасын, кез-келген әңгімесін зердесіне тез түйіп, жақсылыққа ұмтылатынын тәжірибемде анық байқадым. Қазіргі таңда білімнің мақсаты бәсекеге қабілетті, жаңаша ойлайтын шығармашыл тұлға дайындау. Дәл осы мақсатта жаңа технологияның белсенді әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана отырып, іс-тәжірибе шеңберіме Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын әдістемелік қорыма жинақтап алғанмын. Осындай сәтте, ұстаздың «Егер шәкірт түсінбесе, оған мұғалімі ғана кінәлі» деген сөздерін жадымда ұстап, әр шәкіртіме жеке көңіл бөлемін. Жаңа заман баласын өздігінен білім алуға тәрбиелеп келемін. «Ізденген жетер, мұратқа» демекші, ұлы ұстаздың шығармаларының арқасында шәкірттерім білімдерін жетілдіріп келеді. Олай болса, Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеев әңгімелері арқылы шәкірттерімізді адами құндылықтарға тәрбиелей берейік дегім келеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Аңыз адам журналы 2020 ж №4, 23-26 б.
2. Бастауыш сынып республикалық журнал 2020 ж №6, 25-28 б.
3. Білім шыңы газеті 2020 ж №5, 6-7 б.
4. Білімді ел журналы 2020 ж №4, 15-16 б.
5. Жаңа бағдар республикалық журналы 2021 ж №8, 27-29 б.
6. Педагогикалық ой-сана республикалық журнал: 2022 ж №9, 38-39 б.
7. Уәлиханов Ш. Қазақ ағартушыларының философиясы. 2019 ж 24-25 б.
8. Ыбырай Алтынсарин тағылымы: 2019 ж 36-37 б.
9. Парасат журналы 2020 ж 36-37 б.